24				SOOIT / ITPMP / ITITPODP 6319	Сүт өнімдерін өндірудегі инновациялық технологиялар / Инновационные технологии в производстве молочных продуктов / Innovative technologies in the production of dairy products		3						60.0	15	45	0	30	90				
25		БП / БД / BS	ТК / КВ / ES	TOKL / ZPPK / FCWX 5208	Тамақ өнімдерінің ксенобиотиктермен ластануы / Загрязнение пищевых продуктов ксенобиотиками / Food Contamination with xenobiotics	5	1						45.0	15	30	0	30	75			5.0	
26				BTOOT / TPPDP / TFTPOBFP 5214	Балалар тағамы өнімдерін өндіру технологиялары / Технологии производства продуктов детского питания / Technologies for the production of baby food products		1						45.0	15	30	0	30	75				

**«Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі»
кафедрасы**

№6 ХАТТАМАСЫ
«27» қаңтар 2025 ж.

Төрайым – Л.Мамаева
Хатшы – Т.А

ҚАТЫСҚАНДАР: ____ адам (тізімі тіркеледі)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025-2029 оқу жылдарына арналған кафедраның білім беру бағдарламаларын бекіту туралы

ТЫҢДАЛДЫ: Кафедра меңгерушісі Л.Мамаева 2025-2029 оқу жылдарына арналған «Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының комитет мүшелерімен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларымен таныстырды. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес, ғылым мен техниканың қазіргі даму тенденциялары мен саладағы жаңа жетістіктерді ескере отырып әзірленгендігін жеткізе отырып, талқылауға ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: «6B07208, 7M07208 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)» бакалавр, магистр даярлауды жүзеге асыруға арналған білім беру бағдарламасына сын пікір беруші Тараз халықаралық университетінің президенті Муслимов Н.Ж. сөз алып: Бұл білім беру бағдарламасы өңдеуші өндірістер технологиясы саласында заманауи және жан-жақты дайындалған мамандарды даярлауға бағытталған. Бағдарлама еңбек нарығының сұранысын, халықаралық үрдістерді және тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып құрылған. Оқыту үдерісінде студенттерге терең ғылыми-теориялық білім беріліп, инженерлік және технологиялық негіздерді меңгеру қамтамасыз етіледі. Пәндердің бірізділігі студенттерге жалпы түсініктен күрделі кәсіби міндеттерді шешуге көшуге мүмкіндік береді. Бағдарлама жүйелі және стратегиялық ойлау қабілеттерін дамытуға баса назар аударады, бұл болашақ мамандардың өндірістік процестерге кешенді көзқараспен қарауына ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану студенттердің заманауи еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетеді. Зерттеу қызметі де бағдарламаның маңызды бөлігі болып табылады, студенттер ғылыми жобаларға қатысып, тәжірибелік зерттеу дағдыларын қалыптастырады. Жалпы алғанда, бұл бағдарлама бәсекеге қабілетті, инновациялық ойлайтын және кәсіби өсуге дайын мамандарды тәрбиелеуге бағытталған тиімді білім беру жүйесі болып табылады.

6B07208 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша) білім беру бағдарламасының білім алушысы Таукенова Альбина сөз алып: «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы қазіргі заман талаптарына толық сай келетін, өте мазмұнды және пайдалы бағдарлама. Бұл бағдарлама терең теориялық біліммен қатар, инженерлік және технологиялық принциптерді түсінуге мүмкіндік береді. Сабақтар бірізді және жүйелі құрылған, сондықтан қарапайым түсініктерден бастап күрделі кәсіби есептерді өз бетімізше шешуді үйренеміз. Маған әсіресе бағдарламаның жүйелі және сыни ойлауды дамытуға бағытталуы ұнайды, себебі ол өндіріс үдерістерін тұтас жүйе ретінде қарауға үйретеді. Сондай-ақ, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын меңгеру болашақта еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі. Бағдарламада ғылыми зерттеу жұмыстарына да көп көңіл бөлінеді, бұл бізге зерттеушілік дағдыларды

дамытуға және тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, мен бұл бағдарламаны кәсіби тұрғыда өсуге, жаңа білім мен тәжірибе алуға үлкен мүмкіндік деп есептеймін.

т.ғ.д., профессор Оспанов А.А.: 6B07208, 7M07208 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша) білім беру бағдарламалары еліміздің өңдеуші өнеркәсібіне жоғары кәсіби деңгейде дайындалған мамандарды даярлауға бағытталған өзекті және мазмұны терең бағдарлама. Бағдарламаның ерекшелігі теориялық білім мен практикалық тәжірибенің тиімді үйлесімінде. Білім алушылар оқу барысында заманауи технологиялық үдерістердің негізін меңгеріп, өндіріс саласындағы нақты мәселелерді шешуге қажетті дағдыларды қалыптастырады.

«6B07207, 7M07207 – Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» бакалаврлар мен магистрларды даярлауды жүзеге асыруға арналған білім беру бағдарламасына сын пікір беруші «Begemot Almaty» ЖШС директоры Васильковская Н.В. сөз алып: «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы тағам өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенге білікті мамандар даярлауға бағытталған маңызды және өзекті бағдарлама. Бағдарлама химия, биология, инженерия және экономика салаларындағы білімдерді біріктіре отырып, сапалы және қауіпсіз азық-түлік өнімдерін өндіруді мақсат етеді. Қазіргі қоғамның азық-түлік сапасына деген жоғары талаптары бұл мамандықтың маңыздылығын арттыра түсуде. Бағдарлама аясында студенттер теориялық біліммен қатар, өндірістік тәжірибе арқылы нақты дағдыларды меңгереді. Оқыту үдерісі іргелі және қолданбалы пәндерді қамтып, студенттердің кәсіби көкжиегін кеңейтеді. Маған әсіресе өндірістегі сапаны бақылау, экологиялық қауіпсіздік пен автоматтандыру мәселелеріне назар аударылатыны ұнайды. Практикалық бағыт студенттерге өз жобаларын жүзеге асырып, жаңа өнім түрлерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама түлектерге тағам өнеркәсібінде, зертханаларда, ғылыми орталықтарда және жеке кәсіп ашуда мол мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» бағдарламасы жауапкершілігі жоғары, заманауи талаптарға сай және болашағы зор мамандық.

Жұмыс беруші ретінде 7M07207 – Азық-түлік өнімдерінің технологиясы білім беру бағдарламасын жоғары деңгейде ұйымдастырылған және еңбек нарығының сұранысына толық жауап беретін бағдарлама деп бағалаймын. Бұл бағдарлама тағам өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешен үшін кәсіби тұрғыдан дайындалған, жауапкершілігі жоғары және заманауи технологияларды меңгерген мамандарды даярлауға бағытталған. Практико-бағытталған оқыту тәсілі болашақ мамандардың нақты өндірістік процестерге бейімделуіне және кәсіби дағдыларын дамытуына мүмкіндік береді. Әсіресе сапаны бақылау, автоматтандыру және экологиялық тұрақтылыққа қатысты білімдердің қамтылуы қазіргі заманғы өндіріс талаптарына сай келеді. Мұндай дайындық деңгейі түлектердің біздің саладағы кәсіпорындарда жылдам бейімделуін және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

«6B07207 – Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті Қаман Айерке Қуанышқызы: «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасын қазіргі заманның ғылым мен өндіріс талаптарына сай құрылған маңызды және мазмұнды бағдарлама деп есептеймін. Бағдарлама аясында біз тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заманауи технологияларды меңгереміз. Оқыту процесі химия, биология, инженерия және экономика сияқты негізгі ғылым салаларына сүйенеді, бұл болашақ кәсіби қызмет үшін мықты теориялық негіз қалыптастырады. Бағдарламаның практикалық және зертханалық жұмыстарға ерекше көңіл бөлетіні ұнайды, себебі бұл ғылыми ойлау мен тәжірибелік дағдыларды дамытады. Сондай-ақ, өндірістік процестерді автоматтандыру және сапаны бақылау жүйелерін зерттеу болашақта инновациялық шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Бағдарлама экологиялық тұрақтылық қағидаттарына негізделіп, тағам өндірісінің тиімділігін арттыруды көздейді. Оқу барысында алынған білім мен тәжірибе тағам өнеркәсібі, зертханалық зерттеулер және кәсіпкерлік саласында кең мүмкіндіктер ашады. Жалпы алғанда, бұл бағдарлама ғылыми және кәсіби өсуіме үлкен серпін беретін, өзекті және перспективалы бағыт деп ойлаймын.

а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.Қозықан 2025-2029 оқу жылдарына арналған «6B07207, 7M07207 – Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламалары еңбек нарығының талаптары мен жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып әзірленген. Білім беру бағдарламасы болашақ мамандардың еңбек нарығына қажетті құзыреттіліктер мен дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Кәсіптік модульдің өндірістік практика бағдарламасының құрылымы мен мазмұны студенттердің жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін толық игеруге арналғандығын айтты.

«6B07210, 7M07210 – Тағам қауіпсіздігі» бакалаврлар мен магистрлерді даярлауды жүзеге асыруға арналған білім беру бағдарламаларына сын пікір беруші «Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты» ЖШС директоры Уразбаев Ж.З. сөз алды. Рецензияланатын білім беру бағдарламасы еңбек нарығының талаптары мен конъюнктурасын, түлектердің сұранысын және ҚР ғылымы мен техникасын дамыту бағыттарын ескере отырып әзірленген. Білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұны студенттердің жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған. Ұсынылып отырған «6B07210, 7M07210 – Тағам қауіпсіздігі» білім беру бағдарламалары мазмұнды, теориялық және практикалық бағытқа ие, элементтердің жеткілікті санын қамтиды, биотехнология саласында бәсекеге қабілетті жоғары білікті кадрларды даярлау талаптарына толық сәйкес келеді.

б.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж. Сулейменова 2025-2029 оқу жылдарына арналған «6B07210, 7M07210 – Тағам қауіпсіздігі» білім беру бағдарламалары еңбек нарығының талаптары мен жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып әзірленген. Білім беру бағдарламасы болашақ мамандардың еңбек нарығына қажетті құзыреттіліктер мен дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Кәсіптік модульдің өндірістік практика бағдарламасының құрылымы мен мазмұны студенттердің жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін толық игеруге арналғандығын айтты.

6B07210 – Тағам қауіпсіздігі білім беру бағдарламасының студенті Қалыбай Айгүл Құралбекқызы сөз алып: осы бағдарламаның мазмұны мен құрылымын жоғары бағалаймыз. Бағдарлама заманауи тағам қауіпсіздігі мәселелерін жан-жақты қамтиды және теориялық білім мен практикалық дағдыларды үйлестіре отырып оқытуды қамтамасыз етеді. Бағдарлама барысында біз тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ғылыми негіздерін, санитарлық-гигиеналық нормаларды және сапаны бақылау әдістерін терең меңгердік. Сонымен қатар, зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар арқылы алған білімімізді нақты өндірістік жағдайларда қолдануды үйрендік. Бағдарламаның мазмұны еңбек нарығының талаптарына сай және студенттерді кәсіби маман ретінде даярлауға бағытталған. Біз оның сапалы оқыту, заманауи құрал-жабдықтар мен зертханалық базаның бар болуы арқылы білім алуымызға үлкен үлес қосатынын атап өтеміз.

7M07210 – Тағам қауіпсіздігі магистранты Шарипбаева Айгера Арманқызы: білім беру бағдарламасы кәсіби және ғылыми дамуыңызға зор мүмкіндік беретін жоғары деңгейдегі бағдарлама болып табылады. Бағдарлама күрделі ғылыми зерттеулер, сапаны бақылау, тағам өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заманауи әдістерді меңгеруге бағытталған. Бағдарлама аясында біз тағам өнімдерінің қауіпсіздігін бағалау, тәуекелдерді басқару, сапаны бақылау жүйелерін енгізу және ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алдық. Магистратура бағдарламасы теориялық білімді практикамен ұштастыра отырып, кәсіби тұрғыда тереңдетілген дағдылар берді.

«6B07501, 7M07501, 8D07501 - Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)» бакалавр, магистр және PhD даярлауды жүзеге асыруға арналған білім беру бағдарламасына сын пікір беруші «Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты» ЖШС директоры Уразбаев Ж.З. сөз алып: кафедрасы әзірлеген білім беру бағдарламалары қазіргі заманғы талаптар мен тенденцияларға сай болып, мамандарды сапалы дайындауға бағытталған. Бағдарламалардың құрылымы логикалық сабақтастықты сақтай отырып құрастырылған, оқу жоспарларының мазмұны теңгерімді және оқу жүктемесі тиімді

бөлінген. Бұл студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға, жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бағдарламалар арқылы студенттер сапаны басқару, нормативтік-техникалық реттеу, өнімдер мен қызметтердің стандартизациясы және сертификаттау саласында негізгі білім мен дағдыларға ие болып, зерттеу жүргізу және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, оқыту процесінде заманауи әдістерді қолдану, сыни ойлауды жетілдіру және кәсіби мәдениетті қалыптастыру арқылы түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көңіл бөлінген. Осы бағдарламалар студенттерге теориялық білім мен практикалық дағдыларды үйлестіре отырып, тағам қауіпсіздігі саласында кәсіби деңгейде дайындалуға мүмкіндік беретін тиімді білім беру құралы болып табылады.

6B07501 – Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» БББ студенті Мұрат Айару Даниярқызы сөз алып: білім беру бағдарламасы біздің кәсіби дайындығымызға негіз қалайды. Бағдарлама барысында өнімдер мен қызметтердің сапасын бақылау, стандарттау және сертификаттау жүйелерін меңгердік. Теориялық білім мен практикалық дағдылар үйлестіріліп, заманауи стандарттау әдістерін қолдануды үйренудеміз. Бұл бағдарлама біздің еңбек нарығында сұранысқа ие болуымызға және кәсіби құзыреттілігімізді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

7M07501 – Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша) БББ 2 курс магистранты Сулейменова Айжан Адлетовна: БББ кәсіби мамандарды тереңдетілген дайындауға арналған. Бағдарлама аясында біз сапа менеджменті, нормативтік-құқықтық реттеу және стандарттау жүйелерін зерттеу арқылы ғылыми және аналитикалық дағдыларды жетілдірудеміз. Оқу процесі зерттеу мәдениетін дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және кәсіби шешім қабылдау қабілетін арттыруға бағытталған. Бұл бағдарлама кәсіби бәсекеге қабілеттілігімізді арттырады және саладағы зерттеу жұмыстарында сенімді маман болуға мүмкіндік береді.

8D07501 – Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» БББ докторанты Кауменова Альбина Ержановна: БББ ғылыми-зерттеу және кәсіби практикалық бағытта терең білім алуға мүмкіндік береді. Бағдарлама сапаны стандарттау, сертификаттау жүйелерін жетілдіру және инновациялық әдістерді енгізу бойынша жоғары деңгейлі зерттеулер жүргізуге бағытталған. Кәсіби және ғылыми құзыреттерімізді дамытып, саладағы күрделі мәселелерді шешуге дайындауда. Бұл бағдарлама біздің ғылыми және кәсіби біліктілігімізді арттырып, халықаралық стандарттарға сай маман болуға жол ашады.

ДАУЫС БЕРДІ:

Кафедра меңгерушісінің ұсынысымен «Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының профессорлық оқытушылар құрамы ұсынылып отырған білім беру бағдарламаларын бекіту туралы шешім дауысқа салынып, бірауыздан мақұлданды.

КАУЛЫ ЕТТІ:

2025-2029 оқу жылдарына арналған кафедраның білім беру бағдарламалары бекітілсін және факультеттің Академиялық комитетінде қарастыруға ұсынылсын.

Төрайымы



Л. Мамаева

Хатшы



Т.Ахлан

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Инженерлік технологиялар факультеті

№8 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

«14» наурыз 2025 ж

Алматы қаласы

Инженерлік технологиялар факультет кеңесінің отырысы

Төрайымы - Алдибаева Лаззат Тургынбаевна

Хатшы - Самбеткулова Назира Нургалиевна

Қатысқандар: 17 адам (тізімі қоса беріліп отыр)

Күн тәртібі:

4 Әртүрлі мәселелер: кафедраларда дайындалатын 2025-2029оқу жылдарына арналған бакалавр білім беру бағдарламаларын, 2025-2027оқу жылдарына арналған магистратура білім беру бағдарламалары және 2025-2028оқу жылдарына арналған докторантура білім беру бағдарламаларын талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ: Факультет кеңесінің төрайымы Алдибаева Лаззат Тургынбаевна күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелерге байланысты кафедраларда дайындалатын 2025-2029оқу жылдарына арналған бакалавр білім беру бағдарламаларын, 2025-2027оқу жылдарына арналған магистратура білім беру бағдарламалары және 2025-2028оқу жылдарына арналған докторантура білім беру бағдарламаларын талқылау үшін сөз кезегін кафедра меңгерушілеріне берді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: «Энергетика және электротехника» кафедрасының меңгерушісі А.К Молдажанов.: кафедра бойынша 2025-2029оқу жылдарына арналған 6В07109-Электротехникалық инжиниринг», «6В08702-Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» және «6В07111-Жылу техникалық инжиниринг» білім беру бағдарламаларын 2020-2025 жылдарындағы білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жаңарту қажет екендігін жеткізді.

Сонымен қатар, кафедра меңгерушісі аталған мемлекеттік бағдарлама жұмыс берушілермен әзірленген кәсіби стандарттар негізінде барлық білім беру бағдарламаларын жаңартуды меңзейтіндігін атап, бұл жаңартулар БББ қызмет нарығының талаптарына сай, ал түлектері бәсекеге қабілетті болуы үшін жасалатындығын жеткізді. Сондай-ақ, кафедра меңгерушісі А.К. Молдажанов «6В07110-Энергетикалық жүйелер инжинирингі» білім беру бағдарламасын қысқарту қажеттігін айтып, оның негізінде аталған БББ бойынша 2024-2025оқу жылдарында қабылдау болмағандығы және 2024-2025 оқу жылында жаңа БББ тобы ашылып, сол білім беру бағдарламалар тобына кіретін «6В07111-Жылу техникалық инжиниринг» білім беру бағдарламасы

әзірленіп, Жоғары білім берудің бірінғай платформасына енгізіліп, сарапшылардан оң бағалауға ие болғандығын жеткізді.

Кафедра меңгерушісі А.К. Молдажанов магистратура және докторантура деңгейінің білім беру бағдарламаларының пәндерінде еш өзгеріс болмайтынын, тек магистратураға арналған БББ педагогикалық практика кредит саны екіден төрт кредитке арқанын айтып, дегенмен, барлық деңгейдегі БББ-ын директорлар кеңесінде талқылап, шешім қабылдайтын болғандықтан жаңа үлгіде дайындау қажеттігін айтып, факультет кеңес мүшелеріне талқылауды ұсынды.

«Аграрлық техника және машина жасау» кафедрасының меңгерушісі А.К.Ниязбаев.: 2025-2029оқу жылдарына арналған 6B08701-«Аграрлық техника және технология», 6B07103-«Машина жасау» және 6B11201-«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілік қауіпсіздігі» білім беру бағдарламаларының қолдану саласы және паспорты келтірілген. Білім беру бағдарламасы студенттерге сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін оқу бағдарламасы, пәндердің мазмұны, оқу нәтижелері және басқа материалдар қамтылғандығы туралы айтып, талқылау үшін факультет кеңес мүшелеріне ұсынды.

2025-2027 оқу жылдарына арналған 7M08701-«Аграрлық техника және технология», 7M07103-«Машина жасау», 7M11201-«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілік қауіпсіздігі» білім беру бағдарламаларын және 2025-2028оқу жылдарына арналған 8D08701-«Аграрлық техника және технология» білім беру бағдарламасын талқылау қажеттігін айтып, факультет кеңес мүшелеріне талқылауды ұсынды.

И.В. Сахаров атындағы «Көлік техникасы және технологиялары» кафедра меңгерушісі М.Шуренов 2025-2029оқу жылдарына арналған бакалавр бойынша 6B11302-Логистика (сала бойынша), 6B07104-Көлік, көліктік техникасы және технологиялар, 6B11301-Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын 2020-2025 жылдарындағы білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жаңарту қажет екендігін, ал магистратура бойынша 7M07104-Көлік, көліктік техникасы және технологиялар, 7M11301-Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру білім беру бағдарламаларын оқыту тілін қазақ және орыс тілінде оқытуды және педагогикалық практиканы 4 кредитке ауыстыру қажеттігін айтып, факультет кеңес мүшелеріне талқылауды ұсынды.

«Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедра меңгерушісі Л.Мамаева 2025-2029оқу жылдарына арналған «Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының комитет мүшелерімен білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес, ғылым мен техниканың қазіргі даму тенденциялары мен саладағы жаңа жетістіктерді ескере отырып әзірленгендігін жеткізді. Бағдарламалардың ерекшелігі теориялық білім мен практикалық тәжірибенің тиімді үйлесімінде. Білім алушылар оқу барысында заманауи технологиялық үдерістердің негізін меңгеріп, өндіріс саласындағы нақты мәселелерді шешуге қажетті дағдыларды қалыптастыратыны айтты. Кәсіби және ғылыми құзыреттерімізді дамытып, саладағы күрделі мәселелерді шешуге дайындауда. Бұл бағдарламалар біздің

ғылыми және кәсіби біліктілігімізді арттырып, халықаралық стандарттарға сай маман болуға жол ашатыны жеткізді.

6B07208, 7M07208, 8D07201-Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)» бакалавр, магистр даярлауды жүзеге асыруға арналған білім беру бағдарламасы, «6B07207, 7M07207-Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» бакалаврлар мен магистрларды даярлауды жүзеге асыруға арналған білім бағдарламасы, «6B07210, 7M07210-Тағам қауіпсіздігі» бакалаврлар мен магистрлерді даярлауды жүзеге асыру, «6B07501, 7M07501, 8D07501-Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)» бакалавр, магистратура және докторантура білім беру бағдарламасын талқылау қажеттігін айтып, факультет кеңес мүшелеріне талқылауды ұсынды. Факультет кеңес мүшелері бір ауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.«Энергетика және электротехника» кафедрасының меңгерушісі А.К Молдажановтың ұсынысы бойынша:

2025-2029оқу жылдарына арналған «6B07109-Электротехникалық инжиниринг», «6B08702-Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету», «6B07111-Жылу техникалық инжиниринг»; 2025-2027оқу жылы бойынша 7M07109-Электр энергетикасы», «7M08702-Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету», «7M07108-Жылу энергетикасы» және 2025-2028оқу жылы бойынша 8D08702-Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» білім беру бағдарламалары факультеттің академиялық комитеті отырысында қарастырылуға ұсынылсын және «6B07110-Энергетикалық жүйелер инжинирингі» білім беру бағдарламасын қысқартуға;

2.«Аграрлық техника және машина жасау» кафедрасының меңгерушісі А.К.Ниязбаевтың ұсынысы бойынша: 2025-2029оқу жылдарына арналған 6B08701-«Аграрлық техника және технология», 6B07103-«Машина жасау», 6B11201-«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілік қауіпсіздігі» білім беру бағдарлары; 2025-2027оқу жылдарына арналған 7M08701-«Аграрлық техника және технология», 7M07103-«Машина жасау», 7M11201-«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілік қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы; 2025-2028оқу жылдарына арналған 8D08701-«Аграрлық техника және технология» білім беру бағдарламасы қарастырылуға ұсынылсын.

3.И.В. Сахаров атындағы «Көлік техникасы және технологиялары» кафедра меңгерушісі М.Шуреновтың ұсынысы бойынша: 2025-2029оқу жылдарына арналған бакалавр бойынша 6B11302-Логистика (сала бойынша), 6B07104-Көлік, көліктік техникасы және технологиялар, 6B11301-Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын, ал магистратура бойынша 7M07104-Көлік, көліктік техникасы және технологиялар, 7M11301-Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру білім беру бағдарламасы қарастырылуға ұсынылсын.

4.«Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедра меңгерушісі Л.Мамаеваның ұсынысы бойынша 2025-2029оқу жылдарына арналған 6B07208, 7M07208, 8D07201-Қайта өңдеу өндірістерінің

технологиясы (сала бойынша)» бакалавр, магистр даярлауды жүзеге асыруға арналған білім беру бағдарламасы, «6B07207, 7M07207-Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» бакалаврлар мен магистрларды даярлауды жүзеге асыруға арналған білім бағдарламасы, «6B07210, 7M07210-Тағам қауіпсіздігі» бакалаврлар мен магистрлерді даярлауды жүзеге асыру, «6B07501, 7M07501, 8D07501-Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)» бакалавр, магистратура және докторантура білім беру бағдарламасын Университеттің академиялық сапа кеңесіне қарастырылуға ұсынылсын.

Төрайым

Л. Алдибаева

Хатшы

Н. Самбеткулова

Хаттама көшірмесін растаймын:



Н. Самбеткулова

РЕЦЕНЗИЯ

На образовательные программы

«6В07207 - Технология продовольственных продуктов»,

«7М07207 - Технология продовольственных продуктов»

С целью укрепления связи с рынком труда, обеспечения формирования нового качества подготовки, прописанного в Болонской и Копенгагенской декларациях, необходимо идти по пути совершенствования механизмов социального партнерства, создания системы мониторинга потребностей рынка труда.

Непрерывный процесс обновления техники и технологии в условиях современного производства предъявляет высокие требования к подготовке специалиста. Стержневым показателем уровня квалификации современного специалиста является его профессиональная компетентность.

Для того чтобы знание специалиста было мобильным, он должен быть способным обрабатывать накопленные знания, уметь добывать новые знания и использовать те и другие в своей практической деятельности.

Сегодня социальное партнерство является очень значимой областью человеческих отношений. В предлагаемой характеристике ОП разработанный специалистами кафедры «Технология и безопасность пищевых продуктов» КазНАИУ учтены все необходимые показатели и указаны: миссия, цели и задачи ОП; срок освоения ОП; квалификация, присваиваемая выпускникам; виды профессиональной деятельности, к которым готовятся выпускники; планируемые результаты освоения ОП и др. Объем ОП определен как трудоемкость учебной нагрузки обучающегося при освоении образовательной программы, включает в себя все виды его учебной деятельности, предусмотренные учебным планом для достижения планируемых результатов обучения. Поэтому основной целью этой программы является подготовка квалифицированного работника АПК, способного к эффективной работе по специальности, компетентного, ответственного, готового к постоянному профессиональному росту, социально и профессионально мобильного.

Предоставленные альтернативные дисциплины в каталоге элективных дисциплин дают возможность сделать самостоятельно выбор учебного предмета студентами, а также помогут легко усвоить и улучшить закрепление и детализацию знания студентов. В результате на Казахстанском рынке труда мы получим перспективных и востребованных выпускников данной образовательной программы.

Технология продовольственных продуктов могут выполнять следующие виды профессиональной деятельности: организация ведения технологических процессов; контроль за соблюдением технологической дисциплины; совершенствование технологических операций и участие в работе по освоению ресурсосберегающих технологических процессов в создании новой продукции; анализ технической оснащенности и производственной деятельности предприятий с учетом требований экологии, охраны труда, пожара - взрывобезопасности и производственной санитарии.

экспериментальное исследование по улучшению качества сырья, готовой продукции соответствующих отраслей продовольственных продуктов; работа в сфере образования.

Разработанная образовательная программа в полной мере соответствует заявленному уровню подготовки бакалавра и магистра.

Председатель Правления ТОО «Казахский
научно исследовательский
институт перерабатывающей и пищевой
промышленно



Ж.Уразбаев

РЕЦЕНЗИЯ

На образовательные программы

«6B07207 - Технология продовольственных продуктов»,

«7M07207 - Технология продовольственных продуктов (по отраслям)»

Образовательная программа «Технология продовольственных продуктов» является одной из ключевых в системе подготовки кадров для пищевой промышленности и агропромышленного комплекса. Она сочетает в себе научные и практические знания в области химии, биологии, инженерии и экономики, направленные на создание безопасных, качественных и конкурентоспособных продуктов питания.

Актуальность образовательной программы. Современное общество предъявляет всё более высокие требования к качеству и безопасности продуктов питания. В условиях глобализации, экологических вызовов и роста численности населения важность подготовки специалистов, способных внедрять инновационные технологии переработки и хранения пищевых продуктов, возрастает многократно. Выпускники этой образовательной программы становятся важным звеном в обеспечении продовольственной безопасности страны.


Учебный процесс по данной образовательной программе охватывает широкий спектр дисциплин: от фундаментальных (органическая и неорганическая химия, микробиология, физиология питания) до прикладных (технология мяса, молока и других продуктов). Также большое внимание уделяется современным методам контроля качества, автоматизации производственных процессов, экологическим аспектам производства и вопросам менеджмента.

Практико-ориентированный подход позволяет студентам не только усвоить теоретические знания, но и применять их в условиях реального производства, проводить лабораторные исследования, участвовать в разработке новых видов продукции и технологий.

Перспективы трудоустройства. Выпускники образовательной программы востребованы на предприятиях пищевой промышленности, в органах санитарного и ветеринарного надзора, лабораториях качества, научно-исследовательских институтах, а также в сфере логистики и торговли продовольственными товарами. Дополнительным преимуществом является возможность заниматься научной деятельностью или открыть собственное производство.

Таким образом образовательная программа «Технология продовольственных продуктов» является актуальной, востребованной и перспективной. Она требует высокой степени ответственности, внимательности и желания постоянно развиваться, однако в то же время предоставляет широкие возможности для профессионального роста, творческой реализации и вклада в улучшение качества жизни населения.

Директор,
ТОО «Begemot Almaty»



Васильковская Н.В.